



## АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Қазақстан-Американдық еркін университеті қазақ тілінде білім беретін мектептердің 10, 11 сынып оқушылары арасында Абай Құнанбаевтың туғанына 180 жыл толуына орай қазақ тілі мен әдебиетінен аймақтық олимпиада өткізетіні туралы хабарлайды.

### **Олимпиаданың өткізілу уақыты мен орны:**

Олимпиада 2025 жылы 28 ақпанда Горький көшесі, 76 мекен-жайында орналасқан Қазақстан-Американдық еркін университетінде өтеді. Олимпиаданың басталу уақыты: сағат 9.00 (тіркеу 8.00-ден).

### **Олимпиадаға қатысушылар:**

Олимпиадаға қатысу үшін әр мектептен 6 оқушы шақырылады (10-сыныптан – 3 оқушы, 11-сыныптан – 3 оқушы).

Олимпиада екі кезең бойынша өтеді:

I кезең – тест тапсырмаларын орындау. I кезеңнен ең жоғары балл жинаған оқушылар II кезеңге өтеді.

II кезең – «Абай және әлем өркениеті» тақырыптық бағыты аясында эссе жазу (250-300 сөз).

Бірге келетін мұғалімдер үшін семинар ұйымдастырылады. Соңында сертификат беріледі.

### **Олимпиада қорытындыларын шығару**

11 сынып бойынша 1-орын алған оқушыға ҚАЕУ Президентінің гранты беріледі.

11 сынып бойынша 2-орын алған оқушыға ҚАЕУ-де оқуға 50% жеңілдік сертификаты беріледі.

11 сынып бойынша 3-орын алған оқушыға ҚАЕУ-де оқуға 30% жеңілдік сертификаты беріледі.

10-сынып бойынша жеңімпаздарға мақтау қағаздары беріледі.

Олимпиадаға қатысқаны туралы сертификат электронды форматта жетекшінің электронды поштасына немесе WhatsApp нөміріне жіберіледі.

### **Ұсыныс беру мерзімдері:**

Олимпиадаға қатысу үшін ұсынысты 2025 жылдың 24 ақпанына дейін [olimpiada\\_kafu@mail.ru](mailto:olimpiada_kafu@mail.ru) электронды мекен-жайына «Олимпиадаға қатысу бойынша ұсыныс» тақырыбымен жіберу керек. Белгіленген мерзімде өтінім бермеген мектеп оқушылары олимпиадаға қатыса алмайды.

Өтінімдер редакцияланатын .doc немесе .docx.форматтарында жіберіледі. Сканерленген .jpeg немесе .pdf форматтарында өтінімдерді жібермеулеріңізді сұраймыз!

Ұйымдастыру комитеті үлгі бойынша ресімделмеген және белгіленген мерзімнен кейін жіберілген өтінімдерді қарастырмау құқығын өзіне қалдырады.

Олимпиада регламентінде нәтижелер бойынша апелляция рәсімі қарастырылмаған; олимпиада материалдары олимпиадаға қатысушылардың қолына берілмейді.

Қатысуға өтінім беру олимпиада шарттарымен келісім ретінде бағаланады.

Олимпиаданы өткізу тәртібі мен шарттарына өзгерістер енгізілген жағдайда, сізге қосымша хабарланатын болады.

Олимпиадаға қатысуға ұсыныс жасау олимпиада шартымен танысу және келісу ретінде қарастырылады. Ұйымдастыру бойынша сұрақтар болған жағдайда 87773284816 (Әсем Нұрланқызы), 8 7772819973 (Гүлжан Бақытбекқызы) телефондарына хабарласуларыңызды сұраймыз.

ҚАЕУ Бірінші вице-президенті

Байкенов Ж.Е.

**Ұсыныс формасы**

№	Оқу орнының атауы	Қатысушының толық аты- жөні	Сыныбы	Жетекшінің аты- жөні	Қосымша ақпарат (жетекшінің WhatsApp нөмірі бар телефоны, e-mail)
1					